

<p><b>Бекітілген</b>  <b>Басқарма Шешімімен</b>  <b>Хаттама №Р-14-06/1</b>  <b>2023 жылғы 14 маусымдағы</b></p>	<p style="text-align: right;"><b>Утверждено</b>  <b>Решением Правления</b>  <b>Протокол №П-14-06/1</b>  <b>от 14 июня 2023 г</b></p>
<p style="text-align: center;"><b>Клиенттерге бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен (бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен, айырбастаумен (валютаны сатып алу/сату), репо операцияларымен) операциялар жасау кезінде туындайтын тәуекелдер туралы хабарлама</b></p>	
<p style="text-align: center;"><b>Уведомление Клиентам</b>  <b>о рисках, возникающих при совершении операций с финансовыми инструментами (ценными бумагами, производными финансовыми инструментами, конвертацией (покупка/продажа валюты), операциями репо) на рынке ценных бумаг</b></p>	
<p>Осы Клиенттерге қор нарығында қаржы құралдарымен (бағалы қағаздармен, инвестициялық пай қорларымен, туынды қаржы құралдарымен операциялар жасау, айырбастау (валютаны сатып алу/сату), репо операциялары) кезінде туындайтын тәуекелдер туралы хабарламаның (<u>бұдан әрі - Тәуекелдер туралы хабарлама</u>) мақсаты Клиентке осындай мәмілелерді жасасуға байланысты ықтимал залалдар туралы ескерту болып табылады және Клиентке осындай мәмілелерді жасау кезінде туындайтын тәуекелдерді түсінуге және алдын алуға көмектесуге арналған.</p> <p>Осы Тәуекелдер туралы хабарлама онда туындайтын жағдайлардың әртүрлілігі салдарынан бағалы қағаздар нарығындағы барлық тәуекелдер туралы ақпаратты ашпайтынына сіздердің назарларыңызды аударамыз.</p> <p>Төменде айтылғандардың барлығы Клиентті қор нарығында қаржы құралдарымен операциялардан бас тартуға мәжбүрлеуді мақсат етпейді, тек Клиентке осы операцияларды жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді түсінуге, олардың қолайлылығын анықтауға, өзінің қаржылық мақсаттары мен мүмкіндіктерін бағалауға және бағалы қағаздар нарығында тиісті инвестициялық стратегияны таңдау туралы мәселені шешуге жауапкершілікпен келуге көмектесуге арналған.</p> <p>Қор нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде туындайтын негізгі тәуекелдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Баға тәуекелі - қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін қаржы нарықтарының шарттары өзгерген жағдайда туындайтын қаржы құралдары құнының өзгеруі салдарынан шығыстардың (зиянның) пайда болу тәуекелі, ол Клиент портфелінің</li> </ol>	<p>Целью настоящего Уведомления Клиентам о рисках, возникающих при совершении операций с финансовыми инструментами (ценными бумагами, паевыми инвестиционными фондами, производными финансовыми инструментами, конвертации (покупка/продажа валюты), операции репо) на фондовом рынке (<u>далее – Уведомление о рисках</u>) является предупреждение Клиента о возможных убытках, связанных с заключением подобных сделок и призвано помочь Клиенту понять и предупредить риски, возникающие при совершении таких сделок.</p> <p>Обращаем ваше внимание на то, что настоящее Уведомление о рисках не раскрывает информацию обо всех рисках на рынке ценных бумаг вследствие разнообразия возникающих на нем ситуаций.</p> <p>Все нижесказанное не имеет целью вынудить Клиента отказаться от операций с финансовыми инструментами на фондовом рынке, а лишь призвано помочь Клиенту понять риски, связанные с осуществлением данных операций, определить их приемлемость, оценить свои финансовые цели и возможности и ответственно подойти к решению вопроса о выборе соответствующей инвестиционной стратегии на рынке ценных бумаг.</p> <p>Основные риски, возникающие при совершении сделок с финансовыми инструментами на фондовом рынке:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ценовой риск - риск возникновения расходов (убытков) вследствие изменения стоимости финансовых инструментов, возникающий в случае изменения условий финансовых рынков, влияющих на рыночную стоимость финансовых инструментов, которое</li> </ol>

<p>құнының төмендеуіне және соның салдарынан Клиент үшін кірістіліктің төмендеуіне немесе тікелей шығындарға әкеп соғуы мүмкін.</p> <p>Клиент өзіне тиесілі қаржы құралдарының құны өсуі де, төмендеуі де мүмкін екендігін және оның өткендегі өсуі оның болашақта өсуін білдірмейтіндігін назарға алуы тиіс;</p> <p>2) Валюталық тәуекел - шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі. Шығыстардың (зиянның) қауіптілігі валюталар бойынша позицияларды құндық мәнде қайта бағалаудан туындайды.</p> <p>Валюталық тәуекел сондай-ақ шетел валютасына байланысты қаржы құралдары бойынша міндеттемелер мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін, бұл шығындарға немесе олар бойынша есептелу мүмкіндігінің қиындауына әкеп соғуы мүмкін.</p> <p>3) Елдік (трансферттік) тәуекел - шет мемлекеттің немесе шет мемлекеттің резидентінің міндеттемелер бойынша жауап беруді қаламауы немесе төлем қабілетсіздігі салдарынан шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі;</p> <p>4) Кредиттік тәуекел - бағалы қағазды шығару талаптарымен белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борышты және сыйақыны эмитенттің төлемеуі немесе уақтылы төлемеуі салдарынан, сондай-ақ своптар, опциондар, форвардтар мен кредиттік тәуекелге ұшыраған өзге де қаржы құралдары бойынша және осы бағалы қағаздар мен қаржы құралдары бойынша есеп айырысуларды реттеу кезеңінде контрәріптестің міндеттемелерді орындамауына байланысты не контрәріптестің немесе клиенттің шартта көзделген немесе мәміле жасау барысында туындайтын өздерінің міндеттемелерін орындамауы немесе уақтылы орындамауы салдарынан туындайтын залал тәуекелін қамтитын шығыстардың (зиян) туындау тәуекелі;</p> <p>5) Құқықтық тәуекел - брокердің және (немесе) дилердің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен</p>	<p>может привести к падению стоимости портфеля Клиента и, как следствие, снижению доходности или прямым убыткам для Клиента.</p> <p>Клиент должен отдавать себе отчет в том, что стоимость принадлежащих ему финансовых инструментов может как расти, так и снижаться, и ее рост в прошлом не означает ее роста в будущем;</p> <p>2) Валютный риск - риск возникновения расходов (убытков), связанный с изменением курсов иностранных валют. Опасность расходов (убытков) возникает из-за переоценки позиций по валютам в стоимостном выражении.</p> <p>Валютный риск также может привести к изменению размера обязательств по финансовым инструментам, связанным с иностранной валютой, что может привести к убыткам или к затруднению возможности рассчитываться по ним.</p> <p>3) Страновой (трансфертный) риск - риск возникновения расходов (убытков) вследствие неплатежеспособности или нежелания иностранного государства или резидента иностранного государства отвечать по обязательствам;</p> <p>4) Кредитный риск - риск возникновения расходов (убытков) вследствие неуплаты или несвоевременной оплаты эмитентом основного долга и вознаграждения, причитающегося инвестору в установленный условиями выпуска ценной бумаги срок, включающий также риск потерь, возникающих в связи с невыполнением партнером обязательств по свопам, опционам, форвардам и иным финансовым инструментам, подверженным кредитному риску, и в период урегулирования расчетов по данным ценным бумагам и финансовым инструментам, либо вследствие невыполнения или несвоевременного выполнения контрпартнером или Клиентом своих обязательств, предусмотренных договором или возникших в ходе заключения сделки;</p> <p>5) Правовой риск - риск возникновения расходов (убытков) вследствие нарушения брокером и (или) дилером, требований законодательства Республики Казахстан о рынке ценных бумаг либо несоответствия практики брокера и (или) дилера, их внутренним</p>
---	--

<p>қатынастарда – басқа мемлекеттер заңнамасының талаптарын бұзуы не брокер және (немесе) дилер практикасының олардың ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі салдарынан шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі. Салық, салық мөлшерлемелерін есептеу ережелерін өзгерту, салық шегерімдерін жою және Клиент үшін теріс салдарға әкеп соғуы мүмкін салық заңнамасының басқа да өзгерістері де құқықтық тәуекелге жатады;</p> <p>6) Нарықтық тәуекел - қаржы нарықтарындағы қолайсыз жағдайға байланысты шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі. Нарықтық тәуекелдің макроэкономикалық сипаты бар, яғни қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері нарықтық тәуекелдердің дереккөздері болып табылады;</p> <p>7) Операциялық тәуекел - жүйелік іркілістерді, адами қателерді, сыртқы оқиғалар мен жеткізушілер тудырған қателерді қоса алғанда, жұмыстағы ықтимал қателіктермен байланысты тәуекел.</p> <p>Бұл тәуекелге сондай-ақ Компанияның, оның әріптестерінің, инфрақұрылымдық ұйымдардың, оның ішінде саудасаттықты ұйымдастырушылардың, есеп айырысу ұйымдарының, сондай-ақ басқа да ұйымдардың техникалық құралдарының жұмысындағы іркілістер жатады.</p> <p>8) Өтімділікті жоғалту тәуекелі - міндеттемелердің орындалмау не уақтылы орындамау ықтималдығына байланысты тәуекел. Бағалы қағаздардың активтер ретінде өтімділігін жоғалту тәуекелі олардың төмен шығындарымен және қолайлы бағалары бойынша тез сатылу мүмкіндігімен айқындалады;</p> <p>9) Пайыздық тәуекел - сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) туындау тәуекелі, оған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• орналастырған активтер мен тартылған міндеттемелерді (белгіленген сыйақы мөлшерлемелері кезінде) қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен шығыстардың (зияндардың) туындауына;</li> </ul>	<p>документам, а в отношениях с нерезидентами Республики Казахстан - законодательства других государств. К правовому риску также относится возможность изменения правил расчета налога, налоговых ставок, отмены налоговых вычетов и другие изменения налогового законодательства, которые могут привести к негативным для Клиента последствиям;</p> <p>6) Рыночный риск - риск возникновения расходов (убытков), связанных с неблагоприятной ситуацией на финансовых рынках. Рыночный риск имеет макроэкономическую природу, то есть источниками рыночных рисков являются макроэкономические показатели финансовой системы;</p> <p>7) Операционный риск - риск, связанный с возможными ошибками в работе, включая системные сбои, человеческие ошибки, внешние события и ошибки, вызванные поставщиками.</p> <p>К данному риску относятся также сбои в работе технических средств Компании, его партнеров, инфраструктурных организаций, в том числе организаторов торгов, расчетных, а также других организаций.</p> <p>8) Риск потери ликвидности - риск, связанный с возможным невыполнением либо несвоевременным выполнением обязательств. Риск потери ликвидности ценных бумаг как активов определяется возможностью их быстрой реализации с низкими издержками и по приемлемым ценам;</p> <p>9) Процентный риск - риск возникновения расходов (убытков) вследствие неблагоприятного изменения ставок вознаграждения, включающий в себя риски, связанные с:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• возникновением расходов (убытков) из-за несоответствия сроков возврата и погашения размещенных активов и привлеченных обязательств (при фиксированных ставках вознаграждения);</li> <li>• применением различных методов начисления и корректировки</li> </ul>
---	--

<ul style="list-style-type: none"> <li>• өзге тең жағдайларда ұқсас баға сипаттамасы болатын бірқатар құралдар бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу мен түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты (негізгі тәуекел) тәуекелдер кіреді;</li> </ul> <p>10) Төлем қабілетсіздігі тәуекелі - брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасасқан Клиенттің мәміле жасасу нәтижесінде туындаған ақша және (немесе) бағалы қағаздарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамау тәуекелі;</p> <p>11) Форс-мажорлық жағдай - төтенше және еңсерілмейтін (осы жағдайлар кезінде) оқиға (дүлей күш).</p>	<p>получаемого и уплачиваемого вознаграждения по ряду инструментов, которые при прочих равных условиях имеют сходные ценовые характеристики (базисный риск);</p> <p>10) Риск неплатежеспособности - риск неисполнения Клиентом, с которым заключен договор на брокерское обслуживание, обязательств по поставке денег и (или) ценных бумаг, возникших в результате заключения сделки;</p> <p>11) Форс-мажорное обстоятельство - чрезвычайное и непредотвратимое (при данных условиях) событие (непреодолимая сила).</p>
<p>Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Клиентке бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен (бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен, айырбастаумен (валютаны сатып алу/сату), репо операцияларымен және т.б.) жасалатын операциялар және мүмкін болатын зияндар Клиент үшін қолда бар қаржылық мүмкіндіктер тұрғысынан рұқсат етілетіні туралы мәселені мұқият қарауды ұсынамыз.</p>	<p>С учетом вышесказанного настоятельно рекомендуем Клиенту внимательно рассмотреть вопрос о том, являются ли операции с финансовыми инструментами (ценными бумагами, производными финансовыми инструментами, конвертацией (покупка/продажа валюты), операциями репо и др.) на рынке ценных бумаг и возможные убытки допустимыми для Клиента в свете имеющихся у него финансовых возможностей.</p>
<p>Осы Тәуекелдер туралы хабарламаға қол қоя отырып, Клиент өзінің осы бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді бағалау үшін жеткілікті тәжірибесі бар екенін, ал мұндай тәжірибе болмаған жағдайда тиісті мамандардың консультацияларын пайдаланатынын, мұндай тәуекелдерге байланысты зияндарды өтеу үшін қаржылық мүмкіндіктерінің бар екенін, және оның қаржы құралдарына инвестицияларына және қаржы құралдарымен кез келген сауда мәмілелерін жасасуына байланысты туындайтын осындай тәуекелдердің барлығын, Брокерлік қызметті жүзеге асыру регламентінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Компанияға қандай да бір жауапкершілік жүктемей көтеруге келісетінін растайды</p>	<p>Подписывая настоящее Уведомление о рисках Клиент подтверждает, что он обладает достаточным опытом для того, чтобы оценить риски, связанные с осуществлением операций на рынке ценных бумаг, а при отсутствии такого опыта воспользуется консультациями соответствующих специалистов, имеет финансовые возможности для несения убытков, связанных с такими рисками, и согласен нести все такие риски, возникающие в связи с его инвестициями в финансовые инструменты и заключением любых торговых сделок с финансовыми инструментами, не возлагая какой-либо ответственности на Компанию, за исключением случаев, прямо предусмотренных Регламентом осуществления брокерской деятельности и действующим законодательством Республики Казахстан</p>

Басқарма төрағасы / Председатель Правления

Агибаев Е.А.